

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТТІНДЕГІ LESSON STUDY: ТИІМДІЛІГІ МЕН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ

*Жубандыкова А.М.¹, Набуова Р.А.², Арзанбаева Б.О.³, Салғараева Г.И.⁴

*^{1,2,3,4}ҚазҰҚЫЗПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Lesson Study тәсілі ұғымына түсініктеме бере отырып, тиімділігі мен мүмкіндітеріне қысқаша ақпарат берілген. Мақаланың зерттеу өзектілігінде фокустық топтың бірлескен тиімді әрекеттері білім алушылардың оқуына ең тиімді ықпал жасау жолдарын: яғни сабақты зерттеу тобы бірлесе жоспарлау, тақырып төңірегінде ақылдау, өз ойларын, ұсыныстарын ашық айтуға бағыттау, талқылау барысында таңдап алған проблема шешу құралдарын сабақта қолдану ерекшеліктері мен талқылау барысында туындаған өзгерістерді енгізудің маңыздылығын сипаттайды.

Lesson Study тәсілінің қолдану мүмкіндігін бірнеше шетелдік зерттеулерге теориялық талдау жасай отырып, жалпылау, жүйелеу, педагогикалық өнімдерді талдау және эксперименттік деректерді сапалық, статистикалық өңдеу әдістері қолданылады және тиімділігін шетелдік зерттеулер негізінде қолдану мүмкіндігінің механизмдері мен ғылыми тұжырымдары дәйектеледі. Жапония, Англия, АҚШ елдеріндегі тәжірибелері талданады.

Бітіруші курс студенттері Lesson Study форматындағы зерттеу тәжірибесінде жүргізген бірлескен сабақтарын талдау тұрғысында айқындалған. Ондағы фокустық топ мүшелері Lesson Study тәсілін қолдана отырып, А, В, С деңгейдегі оқушыларға бақылау әдісін жүргізу арқылы олардың топтағы іс-әрекетін, сабаққа деген ынталылығын және өз тәжірибесіндегі фактілерге сүйене отырып, алынған нәтижені бірлескен талқылау арқылы жүргізген. Зерттеу тәжірибесі оқытушы, зерттеуші студент пен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа тән маңыздылығын сипаттаған. Болашақ педагог мамандардың кәсіби біліктілігі олардың өзара әрекеттесуінен: бір-бірінің сабақтарына қатысу және оларды талқылау, бір-біріне кері байланыс беру арқылы ой-тұжырымдарын айқындай білген. Сабақты, оқу материалдарын зерттеуді және сабақ элементтеріне өзгерістер енгізуді үйлестіруде оқытудың әртүрлі нысандары бір жүйеге келтіре отырып зерделенген.

Тірек сөздер: Lesson Study, іс-әрекетті зерттеу, зерттеу сабағы, рефлексия, фокустық топ, бірлескен зерттеу, кәсіби даму, интерпретация

Кіріспе

Қазіргі уақытта Lesson Study мектептегі барлық пән мұғалімдері қолдануға тиімді оқытуда және олардың тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық тәсілі болып табылады. Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл [1, 21 б.].

Lesson Study бастауыш сынып пен орта мектептерде негізгі пәндерден оқушылардың білім сапасы мен оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сынды тәжірибелік әдістерді әзірлеуде табысты қолданылып келеді. Lesson Study-де ең басты «сабақты зерттеу» немесе «сабақты зерделеу» үдерісі болып табылады. Себебі бұл үдеріс барысында оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында мұғалімдердің оқушылармен бірлескен оқу үдерісін зерделейді.

Осы тұрғыда болашақ мұғалімдерді зерттеушілік іс-әрекетке даярлау қажеттілігі туындады. Яғни, сабақты зерттеуде бірлесе жоспарлау, оқушының әрекетін бақылау арқылы олардың қалай оқитындықтарына назар аударып, оқушылармен сұхбаттасып, олардың оқудағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындап, бірлескен талқылауда осыларды дерек ретінде қолданып, келесі сабақты жақсартуға өзгеріс енгізу әрекеттерін үйрету арқылы болашақта оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп оқу сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Осы әрекеттерді тиімді ұйымдастыру арқылы болашақ маманның кәсіби дамуына ықпалы зор болары сөзсіз.

Ең алғаш lesson study 1872 жылы Жапонияда бастау алып, мемлекеттік білім беру жүйесі құрылғаннан бері сабақты үйренудің бесігі ретінде мұғалімдердің кәсіби дамуының (КД) үлгісі болып табылды. Осылайша, Қазіргі таңда Lesson Study Шығыс Азияда, Сингапурде, Гонконг пен Қытайда, сондай-ақ батыс елдерде, соның ішінде АҚШ-та, Ұлыбританияда, Швеция мен Канадада қолданылуда.

Ал 2015 жылы Қазақстан Республикасы Педагогикалық шеберлік орталығы атынан Дүниежүзілік Сабақты зерттеу қауымдастығының (WALS) 18-ші ресми мүшесі болып тіркеледі. Бұл ұйымның мүшелігі болуының мақсаты оқу мен оқытудың сапасын жақсартуда сабақты/Lesson study зерттеулері арқылы зерттеулер мен тәжірибелерді ілгерілетуге бағытталған. WALS құрамына білім беру саласындағы зерттеушілер мен оқыту сапасын жақсарту бағытымен айналысатын оқытушылар қамтыла отырып, зерттеу ынтымақтастығы, өзара көмек және оның мүшелері арасында ақпарат алмасу платформасын ұсынады [2].

Lesson Study-дің тиімділігі, маңыздылығы, оны қолдану мүмкіндігін анықтау мақсатында бірқатар ғалымдардың ой-пікіріне тоқталайық. Талдау барысында Stigler and Hiebert, Elliott пен Ling, Lewis пен Hurd, Takahashi мен McDougal, Lewis пен Tsuchida зерттеулерінен көруге болады.

Stigler and Hiebert-дің LS байланысты «Оқудағы олқылықтар» атты еңбегінде жапон мұғалімдеріне, сондай-ақ АҚШ-тың оқушылары мен жапон оқушыларының білім деңгейіне салыстырмалы зерттеу жүргізіп, дәлелді ақпараттар ұсынған. Бұл еңбекте авторлар Жапония елінің математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша жоғары нәтижелерді LS тәсілімен оңтайлы түсіндіруге болатындығын көрсете білді. Авторлардың осы еңбегі жарық көрген соң танымал бола бастады. [3]. Осы зерттеудің нәтижесі арқылы LS бірқатар елдерде кәсіби дамудың әдісі ретінде енгізілді.

Қазақстанда алғаш рет, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде дипломдық жобаны Lesson Study тәсілімен жүзеге асыру қолға алынды. Тәжірибе көрсеткендей, бітіруші курс студенттерінің зерттеулері арқылы ЖОО-да Lesson Study тәсілін қолданудың тиімділігі, маңыздылығы зерделене отырып, соны ары қарай дамыту көзделуде. Сондықтан мақаламыздың зерттеу мақсаты студенттердің зерттеушілік іс-әрекетінде lesson study тәсілін қолданудың тиімділігі мен мүмкіндігін айқындау деп алынды. Соған орай зерттеу мәселемізге сай әдебиеттерге талдау жасалынып ғылыми тұжырымдар дәйектелді. lesson study тәсіліндегі оқытушы, зерттеуші студент пен оқушы

арасындағы бірлескен іс-әрекеттің маңыздылығын айқындау және оны жүзеге асырудың жолдары мен бірлескен талқылау нәтижесінде ұсынымдар беріледі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеушілер Elliott пен Ling Халықаралық сабақтарды зерттеу және оқыту журналының жарияланған мақаласында «LS мұғалімдерді сабақты зерттеу, жоспарлау, оқыту, бақылау және талқылау арқылы оқу процесі кезінде әріптестердің білімді жинақтау және бөлісу жүйесі» ретінде сипаттайды. Осы LS-ды жүргізу алгоритмі арқылы Lewis пен Hurd өз еңбектерінде талқылап «зерттеу-жоспарлау-өткізу-рефлексия» сапа үйірмесінің төрт кезеңін ұсынады [4]. Сондай-ақ ғалым Murata «оқу үдерісінде мұғалімдер білім беру әдістерін бірлесіп жоспарлау, әзірлеу немесе таңдау реттілігін айқындаса, ал Takahashi мен McDougal бір мұғалімнің кәсіби сарапшының жетекшілігімен сабақ жүргізетіндігін, қалған топ мүшелері оқушыларды тікелей бақылайтындығын айтса, Lewis пен Tsuchida LS-тың келесі кезеңінде бақылаушылар оқушылардың ойлау, пайымдау, сұрақтарға жауап беру және мәселелерді шешу жолдары туралы деректерді жинау, бұл процесс зерттеудің соңғы қадамы рефлексия жүргізу болып табылады деген [5, 6, 7]. Мұнда бақылаушылар қатысушылардың оқыту мен оқу процесіне қалай жауап бергенін талдай отырып, өзгерістерді енгізу керек жолдары туралы рефлексияға түсетіндігін алға тартады.

Дүниежүзілік сабақты зерттеу қауымдастығының президенті Питер Дадли, «...сабақты зерттеуде әртүрлі ұлттық идеялары, олардың дәстүрлерінің ерекшелігінің ықпалы және көп мәдениетті ортада өзгерістерге ұшырайтындығын айтады» [8]. Біздің пайымдауымызша, сабақты зерттеуде белгілі бір заңдылықтың жоқ екендігін және көптеген елдерде оқытушылар сабақты зерттеуді өзінше түсініп, сабақты зерттеу тәсілін өзіндік ерекшіктеріне сай өзгеріс енгізуге, жетілдіруге мүмкіндігі бар деп тұжырымдаймыз.

Қазақстанда педагогикалық шеберлік және біліктілікті арттыру ұлттық орталықтарында ЖОО педагогикалық тәжірибесіне сабақты зерттеуді тереңінен енгізуге үлкен мүмкіндік жасалуда. Соған орай ғылыми зерттеулерде осы тақырып аясында қызығушылық туғызуда. Соның бірі отандық ғалым Г.М.Мышбаева «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту» атты зерттеуінде lesson study әдістемесінің бірнеше қызметтерін жүзеге асыруды мақсаты ретінде қойып, «lesson study әдістемесі арқылы дамыту білім алушының өз бетімен әрі үздік араласуға бағдарланған жалпы қабілеттілігі, оның оқуы және әлеуметтенуі барысында алған білімдері мен тәжірибесіне негізделген іс-әрекетке дайындығынан көрініс беретін кіріктірілген сапа түзіледі» - деген қорытындыға келеді [9].

Ғылым саласында «іс-әрекеттегі зерттеу» деген санаттың енгізілуін әдетте Курт Левиннің атымен байланыстырады. Іс-әрекеттегі зерттеу «спираль бойынша адымдап дамитынын, әр адым жоспарлаудан, әрекеттен және әрекет нәтижесін бағалаудан тұратынын» бірінші сипаттаған Левин болды. [10]. Іс-

әрекеттегі зерттеу әдісі күрделі болғанымен, қызық үдеріс екені белгілі. Ол бірнеше қадамдардан тұрады:

- мәселені айқындау
- деректерді жинау
- жинақталған деректерді талдау
- интерпритация
- деректер негізінде әрекет жасау
- нәтижелерді бағалау
- болашақтағы әрекеттерді жоспарлау

Осы аталған қадамдар сабақты зерттеу үдерісінде басшылыққа алынып, зерттеу мәселесінің жүйелі жүргізілуіне мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Ресей ғалымы Е.Н.Куксо «Сабақты зерттеу» әдісінің мынадай артықшылықтарын айқындаған: 1) мұғалімдер шынайы өмірде пайдасыз ашық сабақтарды ғана көрмей, бір-бірінің нақты тәжірибелерін көруге мүмкіндік алады; 2) тек үздік оқушыларды бақылаумен ғана шектелмей, сабақты оқу деңгейі әртүрлі оқушыларға бейімдей бастайды; 3) нақты деректерді талдауға және өз тәжірибесін рефлексиялауға үйренеді, 4) жаңашыл әдістемелерді теорияда емес, нақты тәжірибеде қолдана бастайды; 6) мұғалімдер бір-бірімен жиірек қарым-қатынас жасап, өз пәніне деген қызығушылық таныта бастайды [11].

Жоғарыдағы ғалымдардың тәжірибелерін басшылыққа ала отыра, болашақ мамандардың зерттеушілік іс-әрекетін дамыту маңыздылығын ескеріп, диплом жобалар Lesson Study тәсілі арқылы жүзеге асырылды. Бұнда болашақ мамандардың зерттеу дағдыларын қалыптасыру үшін: ең алдымен сыныптағы мәселелерді көре білу, сұрақтарды дұрыс қою, болжамдай алу, бақылау әдістерін жүргізіп және эксперимент жасау, қорытындылар беру, материалды құрылымдау, мәтінмен жұмыс істей білу, өз ойларын дәлелді түрде қорғау қажеттігі; сондай-ақ зерттеу сабағын жоспарлау барысында, оны тиімді өткізуде, мәліметтерді жинақтауда этикалық нормаларға сай зерттеу құралдарын пайдалана отырып, жинақталған мәліметтерді талдауда практикалық дағдыларды дамыту қажеттігі басты назарға алынады.

Соған орай университетіміздің бітіруші курс студенттерінің дипломдық жоба жұмысын Lesson Study форматында жүргізу 2 жыл бұрыннан бастау алған болатын. Қазірде Lesson Study-дің диплом жұмысына қарағанда ерекшеліктері, артықшылықтары және тиімділігінің жоғары екендігі дәлелденді. Оны біздің бітіруші студенттердің Lesson Study жобаларындағы жүргізген төмендегі зерттеулерінің талдауларынан көруге болады.

Студенттер зерттеу жұмыстарын Алматы қаласының №167 жалпы білім беретін мектепте дипломалды практика барысында жүзеге асырды. Сыныптағы мәселелерді анықтап, оны талдай келе зерттеу тобы тақырыпты «Кері байланыс арқылы оқушылардың өзін-өзі бағалауын дамыту» деп алды. Себебі, бастапқы деңгейде диагностикалық тестілеу жүргізіп, оның нәтижелерін талдау арқылы

оқушылардың кері байланыс берудегі бірқатар қиындықтарын анықтады. Соған орай Lesson Study тәсілін жүргізудің реттілігі бойынша алғашқы жұмыс зерттеу тақырыбына сай төмендегі ғылыми әдебиеттерге шолу жасалды.

Кері байланысқа жан-жақты зерттеулер жүргізген ғалымдардың бірі Sadler: «Кері байланыс оқушының мақсатқа жетудегі қажетті қадамдарын анықтауға көмектеседі» дей келе, оның нақты қадамдарын ұсынады [12]. Дұрыс құрылымдалған сұрақтар мен үлгілер кері байланыстың нәтижесінің сапалылығын көрсетеді, соған орай Хетти мен Темперли кері байланыстың 4 деңгейлі моделін айқындады:

- 1) оқушыға берілетін тұлғалық кері байланыс;
- 2) тапсырмаға қатысты берілетін кері байланыс;
- 3) тапсырманы әрі қарай жүзеге асырылуына берілетін кері байланыс;
- 4) өзін-өзі реттеуге берілетін кері байланыс.

Осы зерттеліп отырған мәселе бойынша елеулі үлесін қосқан танымал ғалым Джон Хетти «Мадақтау оқушының оқуын жақсартуға деген ықпалын төмендетеді, субъективті пікір мен өзіндік рефлексияны тежейді» - деп, кері байланыстағы мадақтаудың әсерін жан-жақты қарастырады [13]. Джон Хеттидің зерттеулеріндегі тұжырымдарды сабақ барысында басты назарға ала отырып кері байланыстағы шынайылық пен субъективтілікті ұстанған бірқатар жұмыстар жасалды. Осы тұрғыда қазақ зиялысы М. Жұмабаев та кері байланысқа қатысты «Баланың жасаған қарапайым жеңіл істерін мақтай беру баладағы менмендік пен тәкаппарлықты туғызады. Сондай-ақ, жақсы оқығаны мен дұрыс мінез-құлық көрсеткені үшін сыйлық (награда) беру үлкен қателікті білдіреді, себебі, көрсеткен іс-әрекеті үшін сыйлық алып жүрген бала сыйлық алу үшін тырысса, ал сыйлық алмаған бала өзін-өзі бағалауы төмен сенімсіз болады» - деген тұжырым жасайды.

Кері байланыстағы сұрақтардың дұрыс жасақталуы, дер кезінде кері байланысты қамтамасыз ету мәселесі бойынша зерттеушілер Carr [14] Marzano мен Pickering тапсырмаларды орындаған оқушыларға мұғалімнің ұсынатын сұрақтарының бірқатар төмендегідей нұсқаларын береді: Тапсырма орындауда қиындық туды ма? Қай тапсырмадан қате жібердің? Қатенің болу себебі неде? Алдағы сабақтарда осындай қателерді болдырмас үшін менен қандай көмек керек? Көмекті қандай әдіс-тәсіл арқылы бергенімді қалайсың? Осындай ұтымды қойылған сұрақтар арқылы оқушылардың кері байланысқа түсуіне, тақырыпты тереңірек меңгеруге ықпалын арттыруға болады.

Сонымен қатар оқушылардың кері байланыс беруге деген мотивациясын арттыру да маңызды. Sweller мотивациялық кері байланыстың мұғалім мен оқушы үшін тиімділігін айқындаған.

Оқушы үшін:

- күш-жігер береді, яғни оқуды жақсартуға ұмтылысты күшейтеді, сәкесінше мотивацияны арттырады;

- оқу мақсаттарының түсініксіз болуы және оқудан бас тарту, аздаған нәтижеге қанағаттану.

Мұғалімнің іс-әрекеті:

- оқушының оқу сұранысына сәйкес оқу мақсаттарын күрделендіреді немесе оқу мақсаттарын ықшамдайды;

- оқушылардың оқу мақсатына жету үшін тиімді стратегиялар мен кері байланысты қамтамасыз ету.

Десі, Koestner мен Ryan өз зерттеулерінде кері байланыста қолданылатын стикерлер мен смайликтердің білім сапасына әсері төмен, себебі олардан тапсырманың орындалуы мен оның сапасы жайлы ақпараттарды біле алмайтындығымызды айтады. Сондай-ақ аталған ғалымдар өз зерттеулерінде сыртқы мотивацияның оқуға әсерін $-0,34$ мөлшерде екенін айта келіп, сыртқы мотивация оқушының өзін-өзі реттеуіне және білім алуға деген жауапкершілік алуын шектеу жасайды – дейді.

Әдебиеттерге шолу жұмыстары жүргізіліп болған соң, келесі қадамдар жүзеге асырылды. Зерттеу іс-әрекетінде тақырыпқа байланысты зерттеудің логикасы: зерттеу мәселесі, зерттеу мақсаты, зерттеу сұрағы және зерттеу әдістері анықталды. Зерттеудің логикасы 1 - кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Зерттеу логикасы

<i>Зерттеу мәселесі</i> - оқушылардың кері байланысты беру әдісін толық меңгермегені, аталған әдісті маңызды деп санамауы.	<i>Зерттеу мақсаты</i> - кері байланыс тәсілі арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын дамыту
<i>Зерттеу сұрағы</i> - кері байланыс арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын қалай дамытуға болады?	<i>Зерттеу әдістері</i> - бақылау, сауалнама, салыстырмалы талдау, кері байланыс, бағалау парақшалары


Жалпы мектептің және күнделікті оқу процесінің сапасы білім алушының оқу білігіне байланысты. Зерттеу көрсеткендей, егер де оқушылар кері байланысты жеткіліксіз деңгейде беретін болса, онда оның білімін жетілдіру қажеттігін көрсетеді, әсіресе бастауыш сынып оқушыларының ауызша және жазбаша кері байланыс беруімен көбірек жұмыс жасау қажет екендігіне көз жеткіздік. Кері байланысты нақты, толық және дәлелді беріп үйренбеген бастауыш сынып оқушысы басқа пәндерде немесе орта сыныпқа көшкенде кері байланысты ойдағыдай бере алмайды немесе қандай да бір тақырыптар бойынша өз-өзіне не болмаса тобына кері байланысты мұғалімнің түрткі болуынсыз жасай алмайды. Сондықтан да баланы кері байланыс туралы ақпараттар мен оның маңыздылығы туралы біліммен қаруландырып, кері байланыс парақшаларымен жұмыс жасау дағдыларын арттыру қажет. Осыған байланысты бізде мыңдай сұрақтар туындады: оқушылардың кері байланысты беруге деген қызығушылығын қалай оятуға болады? Оны қандай әдістермен жүзеге асыруға болады?

Зерттеу жұмыстарында қолданатын әдістерін іріктеу алғашқы ұйымдастыру отырысында талқыланып, «Жиналмалы бейне», «Кеспе қағаз», «Ұшақ», «Почта», «Google», «Лотос», «Мадақтау сэндвичі», «Кері байланыс кестесі», «6 пікір», «Ой-тұжырым кестесі», «Смартфон» және т.б. әдістері таңдалынып алынды.

Сондай-ақ Lesson Study қатысушыларымен жүргізілген сұхбаттар, сабақ жоспарлары, оқу үдерісін жүзеге асыруға бағытталған оқу-әдістемелік құралдар, дидактикалық материалдар, сенімді материалдар: көрнекі құралдар, фото, видео материалдар және зерттеу қорытындылары бойынша ұсыныстар сынды деректер базасы жинақталды.

Фокустық топ мүшелерінің қатысуымен Lesson Study тәсілін қолдану арқылы А, В, С деңгейлі білім алушыларға бақылау жүргізілді, бақылаушы студенттер оқушылардың іс-әрекеттері, мәтін мен деректермен жұмыс жасауы, оқушылардың топтағы іс-әрекеті, нақты өз тәжірибесінен фактілерге сүйене отырып, ойды тұжырымдамалы түрде жеткізе алуы, топтағы оқушылардың қарым-қатынасы критерийлер бойынша айқындалып, бірлескен талдаулар жүргізілді.

Осы тұрғыда зерттеу сабағын жүргізу үшін нәтижеге жетудің алгоритмі топтастырылды. Зерттеу сабағын жүргізудің алгоритмін көрнекі түрде 1-суреттегі сызбадан көруге болады.



Сурет 1 - Зерттеу сабағын жүргізудің алгоритмі

Зерттелетін тақырыпқа сай гуманитарлық бағыт бойынша «Әдебиеттік оқу» пәні мен жаратылыстану бағыты бойынша «Математика» пәні алынды.


Әдебиеттік оқу пәнінде жүргізілген бақылаудың нәтижесінде А, В, С деңгейдегі оқушылар айқындалды. Аталмыш пән аясындағы зерттеу сабағы барысын талдау арқылы, кері байланыс парақшаларындағы сұрақтардың дұрыс құрылымдалмағандығынан оқушыларда қиындық болғандығы айқындалды. Фокустық топтың талқылау отырысында «кері байланыс парақшаларына

«мысалы...», «себебі.....», «мына тұсы ұнады/ұнамады.....» деген сөз тіркестері арқылы сыни ойын дамытатын сөйлемдерден тұратын кері байланыс парақшаларын жасау керек» - деген ұсыныс айтылды. Сонымен қатар, оқушылардың нәтижесін жақсарту үшін Lesson Study-де шығармашылық жұмысқа көбірек көңіл бөліп, оқушылардың өзін көбірек сөйлетіп, кез-келген ситуациядан өздігінен шығуын ескеру қажет деген пікірлер айтылды.

Екінші зерттеу сабағында бірінші сабақтағы айтылған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, зерттеуді іске асыру процесінің 2-ші сабағында олқылықтардың орны толықтырылып, нақтылыққа негізделген кері байланыс парақшалары қолданылды. Екінші сабақтан кейінгі фокустық топтың талқылауында топтық жұмысқа берілетін кері байланысқа жазбаша нұсқадағы тапсырмалар мен кері байланыс парақшаларын құрастыру қажеттілігі туралы ұсыныс берілді. Топтық жұмыстарда топтар бір-біріне кері байланыс жасау барысында бағалауды ауызша бергенге қарағанда жазбаша жүргізген тиімді екендігін айтты. Себебі, мұндай жазбаша дәлелдемелік материалдар рефлексиялық кезеңде, топпен талдау жұмыстарын жүргізуде ерекше маңызға ие болатынын ескертілді.


Үшінші зерттеу сабағында бақылау тобының алдыңғы сабақта жасаған ұсыныс ескертпелері ескеріліп, сабақ жоспарлары құрылымдалып сабақ мақсатына жетті. Сәйкесінше, зерттеудің соңғы сабағында біршама жоғары деңгейге қол жеткізгендігін байқауға болады.

Жүргізілген үш зерттеу сабағын талдай келе, тиімді құрастырылған кері байланыс тапсырмаларын орындаудың нәтижесінен оқушылардағы өзгерістер байқалды. Бақылаудағы А оқушысының өзіндік бағалауы жоғарылап, шынайы кері байланыс беруге дағдыланса, В деңгейдегі оқушы топтық кері байланыс беруге деген ынтасы артып, қажет кезінде түзетулер енгізе алатын болды, ал С деңгейлі оқушы кері байланыстар арқылы тапсырмаларды орындауға зейіні шоғырланып, кері байланыс парақтарын толығырақ толтыруға бағыттала бастады. Зерттеу сабақтарын бақылаудың нәтижесінде А, В, С деңгейдегі оқушылардың өзгерісі 2 - суретте ұсынылған.



Сурет 2 - Зерттеу сабақтарындағы А, В, С деңгейлі оқушыларының өзгерісі

Математика пәнінде жүргізілген бақылау нәтижесіне тоқталар болсақ, А деңгейлі оқушы бірінші сабаққа қарағанда үшінші сабақтағы кері байланыс парақшасын толтыруда өзіндік пікірін толық нақты жеткізе білді, яғни оқушының кері байланыс беруде жауапкершілікті сезінгендігін және қызығушылықтың пайда болғанын байқалса, В оқушы бірінші сабақпен үшінші сабаққа салыстырмалы талдау жасау барысында оқушының қатемен жұмыс жасауға бағыттталып есептеріндегі қателерді тауып оны түзеуді үйренгені байқалды, сонымен қатар кері байланыс парақшасына өз ойын қызығушылықпен жаза бастады, ал С деңгейлі оқушы кері байланыс парақшасына 5-6 сөзбен болса да, мысал келтіріп жаза алатын нәтижеге жетті. Зерттеу сабақтарын бақылау нәтижесінде А, В, С деңгейлі оқушылардың өзгерістері 3 - суретте ұсынылған.



Сурет 3 - Зерттеу сабақтарының нәтижесінде бақылаудағы А, В, С оқушыларының өзгерісі

Студенттер зерттеу сабағын бірлесе жүзеге асыру кезінде бір-бірлерінің пікірілерін тыңдап, ескертумен жұмыс жасауды үйренді және өзара тәжірибе алмасу арқылы зерттеушілік жұмыстарға деген қызығушылықтары артып, зерттеушілік дағдыларының дамуына әсер еткендігін аңғаруға болады. Сондай-ақ әр сабақтан жинақтаған тәжірибелерін өз уақытында рефлексиялау арқылы ой елегінен өткізіп, оқыту мен оқу тәжірибелерін жетілдіре түсті деуге болады.

Студенттердің дипломдық жобаны Lesson Study тәсілі бойынша зерттеу жүргізудің тиімді екенін жүргізген зерттеулерден анықталды. Зерттеулер мен тәжірибелер болашақ маманның зерттеушілік дағдыларын толық меңгеруге мүмкіндік береді. Осындай зерттеу дағдыларын дамыту болашақ мұғалімдердің оқыту тәжірибесі мен оқыту әдістерін жетілдіру арқылы кәсіби өсуіне ықпал етеді. Мұндай зерттеу дағдылары білім берудегі инновацияларды ынталандырып қана қоймай, оқуды жақсартуға және оқушылардың жақсы нәтижеге жетуіне әкеледі. Зерттеу ақпараттарды талдай алуға, сыни тұрғыдан ойлана білуге және негізделген дұрыс шешім қабылдауға жетелейді, ал бұл өз кезегінде педагогтар

үшін де, оқушылар үшін де маңызды дағдылар болып табылады. Сондай-ақ болашақ педагогтардың деректерді жинауы, талдауы және зерттеу нәтижелерінен қорытындыларды шығаруы ғылыми көзқарастарын дамытуға ықпал етеді. Осының барлығы білім сапасын арттыруға мен оқу-тәрбие үрдісін ойдағыдай дамытуға үлесін қосады.

Қорытынды

Сонымен, Lesson Study бойынша зерттеу сабақтарын жүргізудің нәтижесінде студенттер тәжірибе барысында өзекті мәселелерді әріптестерімен бөлісуді, бірлесе шешім іздеуді үйренуге бағытталды. Талқылау тиімді әрі нәтижелі болуы үшін зерттеу сабағына бақылау жүргізіп, оның кемшіліктері мен артықшылықтары айтылып ұсыныстар беріліп отырды. Әрине, Lesson Study-ді жүзеге асыру кезінде қиындықтар кездескені анық: келесі сабақтың жоспарын әзірлеп бекіту кезінде алдыңғы сабақтың рефлексиясын ескеруде қиындық тудыратыны; «үздік сабақ» дегеніміз не деген мәселеде ортақ ұстанымдарының болмауы және осы тәсіл аясында қарастырылатын нақты бағыттардың, мәселелердің болмауы; сондай-ақ, сабақты жоспарлау барысында сабақты барынша нақты, егжей-тегжейлі қарастыруына түрткі болуға баса назар аудармайтынын аңғаруға болады.

Зерттеуімізге арқау болып отырған «сабақты зерттеу», «Lesson Study» туралы зерттеуші ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, рефлексия мен бірлескен зерттеу тәжірибесі көрсеткендей, болашақ педагог мамандар үшін «Lesson Study» тәсілінің тиімді тұстары мен қолдану мүмкіндіктері айқындалды:

- бітіруші курс студенттеріне пайдаланылған теория мен материалды оқыту мен игерудің қиындықтарын жақсы түсінуге және тәжірибеге негізделген теорияларды жасауға мүмкіндік алуға, қол жеткізуге бағытталуы;

- бірлесіп жұмыс істеу барысында бақылау топтарының өзара әрекеттесуін эмпирикалық бақылау әдісі арқылы әр пән ерекшелігіне сай ситуациялық жағдаяттарды меңгеруі;

- студенттерге сабақтарды немесе оқу зерттеулерін қалай жүргізу керектігін үйрету арқылы зерттеу мен тәжірибе барысында «оқытушы – зерттеуші студент – оқушы» сынды ынтымақтастықта жұмыс жасауы, динамикалық серіктестік құруы;

- студенттердің рефлексиялық есептеріне, сұхбаттарына, сондай-ақ, өз тәжірибелік сабақтарының бейнежазбаларына сүйене отырып, білім алушылардың оқу процесіне терең әсер етуі мүмкін оқыту стратегияларын қолдана алуы;

- сабақты зерттеудің әртүрлі қолдану механизмдерін түсіну және қолдану арқылы білім беру мен меңгерудің инновациялық тәсілдерін таңдауға арқылы келесі сабақтың жоспарына өзгерістер енгізуге, түзетуге бағытталуы

- алдын-ала және кейінгі сынақтар жүргізу, бақылау парақшалары, шкалалары, бақылау топтарымен бірлескен деректерді жинауда сабақты үйренудің маңыздылығын көрсету үшін салыстырмалы талдау жасауды,

әдебиетке шолу немесе тұжырымдамалық мақалаларды қамтитын эмпирикалық зерттеулерлер жүргізуі;

- студенттер бойында рефлексиялық позицияны қалыптастыру үшін бірлескен зерттеу тәжірибесін зерттеу сабақтарымен біріктіре алуы;

- құралдар мен ресурстарды пайдалану арқылы болашақ педагогтардың кәсіби дамуын және дәлелді тұрақтылықты қамтамасыз етуі.

Lesson Study тәсілі ғылыми зерттеулердің бір түрі ретінде оқытуды меңгерудің, сондай-ақ, сабақты бірлескен іс-әрекет арқылы зерттеудің жаңа форматы екеніне және оқытушы, зерттеуші студент пен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа тән керемет сипаттамалардың бірі болып табылатынына көз жеткізуге болады. Lesson Study тәсілі студенттердің практикада оқыту мәселелерін кәсіби тұрғыдан шешуге көмектесудің маңыздылығын дәйектеуге және теорияны практикаға негіздеуге мүмкіндік береді.

Сабақты зерттеу арқылы болашақ бітіруші түлектер кәсіби шеберліктері мен зерттеушілік дағдысын дамыта отырып, іс-тәжірибелерінің жетілуіне, өз іс-әрекетіне өзгерістер енгізуіне әсер еткені анық.

ӘДЕБИЕТ

[1] Дадли П. Lesson Study: теориясы мен қолдану тәсілдері. - Астана, Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. 2013. - 68 б.

[2] ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру бағдарламасы, Студентке арналған нұсқаулық, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. - Астана, 2015. - Кіру режимі: <https://cpm.kz/kz/international/wals/http://www.walsnet.org/2016/> [Қаралған күні: 17.08.2024]

[3] Stigler, J. and Hiebert, J., The Teaching Gap: Best Ideas from the World's Teachers for Improving, 1999. - P. 41 - 43

[4] Murata, A., "Introduction: Conceptual overview of lesson study", in Hart, L., Alston, A. and Murata, A. (Ed.). //Lesson Study Research and Practice in Mathematics Education, Springer, Dordrecht. - 2011. - PP. 1-12.

[5] Takahashi, A. and McDougal, T., "Collaboration lesson research: Maximizing the impact of lesson study". //ZDM Mathematics Education. - 2016. - Vol. 48. - No. 4. - PP. 513-526.

[6] Lewis, C. and Tsuchida, I., "Planned educational change in Japan: The shift to student-centered elementary science". //Journal of Educational Policy. – 1997. - Vol. 12. - No. 5. - PP. 313-331.

[7] Дадли П., Lesson Study: руководство Pete Dudley 2011. – Режим доступа: <https://lessonstudy.co.uk/wp-content/uploads/2013/07/Lesson-Study-Handbook-Russian.pdf> [Дата обращения 17.08.2024].

[8] Мышбаева Г.М., Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2022 - Кіру режимі: <https://www.kaznpu.kz> [Қаралған күні: 18.08.2024].

[9] Левин, К. Азшылықтардың әрекеттері мен мәселелерін зерттеу. //Әлеуметтік мәселелер журналы. - 1946.2 (4). - С.34 - 46

[10] Куксо Е. Н. Технология «Исследование урока» (lesson study): какие проблемы она решает, а какие нет [Электронный ресурс]. Режим доступа: URL: <https://medium.com/direktoria-online/lessonstudy-course-f76523d33a63> [Дата обращения: 17.08.2024].

- [11] Royce Sadler, "Formative Assessment and the Design of Instructional Systems", //Instructional Science. - 1989. - vol. 18. - C.119 - 44.
- [12] Hattie J., Timperley H. The Power of Feedback //Review of Educational Research. - 2007. - no 1. - C. 81 - 112.
- [13] Kapp, H.. Инклюзивті сыныптағы барлық оқушылар үшін үй тапсырмасының тиімділігін арттыру.//School Community Journal, - 2013. - 23(1). Б. - 169 - 182.
- [14] Джусубалиева Д., Адилжанова У. Использование цифровых технологий для формирования поисково-исследовательской компетенций будущих учителей иностранного языка. //Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Педагогические науки. - 2021. - №4. - С.78-84

REFERENCES

- [1] Dadli P. Lesson Study: teorïyası men qoldanw tásilderi (Lesson Study: theory and application methods). - Astana, Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU Pedagogikalıq шеберлік орталығы. 2013. - 68 b. [in Kaz]
- [2] QR pedagog qızmetkerleriniń biliktiligin arttırwdıń deńgeyli baǵdarlamasınıń negizinde әзіrlengen pedagog kadrlardı dayarlaytın joǵarı oqw orındarınıń bitirwshi kwrs stwdentterine qosımsha bilim berw baǵdarlaması, Stwdentke arnalǵan nusqawlıq, «Nazarbaev ziyatkerlik mektepteri» DBBU (Additional education program for graduate students of higher educational institutions that train teacher personnel, developed on the basis of the level program for improving the qualifications of teaching staff of the Republic of Kazakhstan, Guide for students, "Nazarbayev intellectual schools"). - Astana, 2015. - Kirw rejimi: <https://cpm.kz/kz/international/wals/> <http://www.walsnet.org/2016/> [Qaralǵan kúni: 17.08.2024] [in Kaz]
- [3] Stigler, J. and Hiebert, J., The Teaching Gap: Best Ideas from the World's Teachers for Improving, 1999. - P. 41 - 43
- [4] Murata, A., "Introduction: Conceptual overview of lesson study", in Hart, L., Alston, A. and Murata, A. (Ed.). //Lesson Study Research and Practice in Mathematics Education, Springer, Dordrecht. - 2011. - PP. 1 - 12.
- [5] Takahashi, A. and McDougal, T., "Collaboration lesson research: Maximizing the impact of lesson study". //ZDM Mathematics Education. - 2016. - Vol. 48. - No. 4. - PP. 513 - 526.
- [6] Lewis, C. and Tsuchida, I., "Planned educational change in Japan: The shift to student-centered elementary science". //Journal of Educational Policy. - 1997. - Vol. 12. - No. 5. - PP. 313-331.
- [7] Dadli P., Lesson Study: rkwovodstvo Pete Dudley 2011 (Lesson Study: a guide Pete Dudley 2011). - Rejim dostwpa: <https://lessonstudy.co.uk/wp-content/uploads/2013/07/Lesson-Study-Handbook-Russian.pdf> [Data obraşçeniya 17.08.2024]. [in Rus]
- [8] Mışbaeva G.M., Bolaşaq mektepke deyingi uyım pedagogteriniń zerttewşilik qızirettiligini lesson study әdistemesi arqılı damıtıw: Filosofiya doktorı (PhD) дәrejesin alw üşin dayındalǵan dissertaciya (Development of research competence of future preschool teachers using lesson study methodology: dissertation prepared for the degree of Doctor of Philosophy (PhD)). - Almatı, 2022 - Kirw rejimi: <https://www.kaznpu.kz> [Qaralǵan kúni: 18.08.2024]. [in Kaz]
- [9] Levın, K. Azşılıqtardıń әreketteri men мәselelerin zertew (A study of minority activities and issues). //Älewmettik мәseleler jwrnalı. - 1946.2 (4). - S.34 - 46 [in Kaz]
- [10] Kwkso E. N. Texnologiya «İssledovanie wroka» (lesson study): kakie problemı ona reşayet, a kakie net (Technology "Issledovanie uroka" (lesson study): what problems it solves and what problems it doesn't) [Élektronniy reswrs]. Rejim dostwpa: URL: <https://medium.com/direktoria-online/lessonstudy-course-f76523d33a63> [Data obraşçeniya: 17.08.2024] [in Rus]
- [11] Royce Sadler, "Formative Assessment and the Design of Instructional Systems", //Instructional Science. -1989. - vol. 18. - PP.119-44.
- [12] Hattie J., Timperley H. The Power of Feedback //Review of Educational Research. – 2007. - no 1. - PP. 81 - 112.

[13] Karr, N.. İnklyuzivti sınpıtađı barlıq oqwşılar üşin üy tapsırmasınıñ tımdiligin arttırıw (Improving the effectiveness of homework for all students in an inclusive classroom). //School Community Journal, - 2013. - 23(1). B. - 169-182 [in Kaz]

[14] Dzhusubaliyeva D., Adilzhanova U. Ispol'zovaniye tsifrovyykh tekhnologiy dlya formirovaniya poiskovo-issledovatel'skoy kompetentsiy budushchikh uchiteley inostrannogo yazyka (Using digital technologies to develop search and research competencies of future foreign language teachers). //Izvestiya KazUMOiMYA imeni Abylay khana, Pedagogicheskiye nauki. - 2021. - №4. - PP.78 - 84 [in Rus]

LESSON STUDY В ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ: ЭФФЕКТИВНОСТЬ И ВОЗМОЖНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ

*Жубандыкова А.М.¹, Набуова Р.А.², Арзанбаева Б.О.³, Салгараева Г.И.⁴

*^{1,2,3,4}КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье раскрывается понятие подхода «Lesson Study», дана краткая информация о его эффективности и возможностях. В актуальности исследования отмечается, что совместные действия фокус-группы показывают наиболее эффективные способы воздействия на обучение обучающихся: исследовательская группа совместно планирует урок, обсуждает тему, открыто высказывает свои мысли, предложения, обсуждает особенности применения выбранных в классе средств в решении задач, а также отмечает важность внесения изменений в ходе обсуждения.

Теоретический анализ зарубежных исследований о возможностях использования подхода Lesson Study демонстрирует применение методов обобщения, систематизации, анализа педагогических продуктов и качественной, статистической обработки экспериментальных данных, а также механизмы и научные выводы его эффективности. Проанализирован опыт работы таких стран как Япония, Англия, США.

Проанализированы дипломные проекты студентов выпускных курсов в формате Lesson Study, основанных на совместном проведении уроков. С помощью подхода Lesson Study при участии фокус-группы определены результаты совместного обсуждения, основанные на собственном опыте, наблюдении за обучающимися группы А, В, С. Опыт исследования выявил важность, присущую отношениям между преподавателем, студентом-исследователем и обучающимся. Профессиональная квалификация будущих педагогов определялась во взаимодействии и участии на уроках друг у друга, обсуждении, предоставлении обратной связи. Различные формы обучения рассмотрены согласно единой системе проведения уроков, учебных материалов и внесении изменений в элементы урока.

Ключевые слова: Lesson Study, исследование в действии, исследовательский урок, рефлексия, фокус-группа, совместное исследование, профессиональное развитие, интерпретация

LESSON STUDY IN STUDENT RESEARCH ACTIVITIES: EFFICIENCY AND APPLICABILITY

*Zhubandykova A.¹, Nabuova R.², Arzanbayeva B.³, Salgarayeva G.⁴

*^{1,2,3,4}Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty,
Kazakhstan

e

Abstract. The article reveals the concept of the "Lesson Study" approach, provides brief information about its effectiveness and capabilities. The relevance of the study notes that the joint actions of the focus group show the most effective ways to influence the learning of students: the research group jointly plans a lesson, discusses the topic, outspokenly expresses its thoughts,

suggestions, discusses the specifics of using the tools selected in the class in solving problems, and also notes the importance of making changes during the discussion.

The theoretical analysis of foreign studies on the possibilities of using the Lesson Study approach demonstrates the use of methods of generalization, systematization, analysis of pedagogical products and qualitative, statistical processing of experimental data, as well as mechanisms and scientific conclusions of its effectiveness. The experience of such countries as Japan, England, and the USA is analyzed.

The thesis projects of graduate students in the Lesson Study format based on joint lessons are analyzed. Using the Lesson Study approach with the participation of a focus group, the results of a joint discussion based on their own experience and observation of students in groups A, B, C were determined. The research experience revealed the importance inherent in the relationship between a teacher, a research student, and a student. The professional qualification of future teachers was determined by interaction and participation in each other's lessons, discussion, and providing feedback. Various forms of education are considered according to a unified system of lessons, educational materials, and changes to the elements of the lesson.

Key words: Lesson Study, research in action, research lesson, reflection, focus group, collaborative research, professional development, interpretation

Мақала түсті: 5 қыркүйек 2024